

Екібастұз МАЭС-2 базасында қазақстан-ресей кәсіпорнын құрудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 24 желтоқсан N 1675

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы Президенттерінің уағдаластықтарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қ.К.Тоқаевтың Ресей Федерациясы Үкіметі Төрағасының бірінші орынбасары М.М.Касьяновпен болған 2000 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы қарыздарды қайта құрылымдауды және Екібастұз МАЭС-2 базасында қазақстан-ресей бірлескен кәсіпорнын құруды көздейтін келіссөздер хаттамасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне 2001 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен "Екібастұз энергия орталығы" жабық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) жарғылық капиталын арттыру үшін 2001 жылғы 31 желтоқсанға дейін 22 (жиырма екі) миллион теңге сомасында қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамамен белгіленген тәртіппен Қоғамның жарғылық капиталына Солтүстік жүк тиеу-көлік басқармасының мүліктік кешенін берсін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі заңнамамен белгіленген тәртіппен:

1) 2001 жылғы 31 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне "Екібастұз өнеркәсіпсервис" ашық акционерлік қоғамының "Ударная" және "Трудовая" темір жол станцияларының конкурстық массасын сатудың айрықша шарттары мен тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын енгізсін;

2) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген қаражаттың Қоғамның жарғылық капиталына енгізілуін қамтамасыз етсін;

3) Қоғамның жарғылық капиталын бөлінген қаражат пен Солтүстік жүк тиеу-көлік басқармасының мүлкі құнының сомасына арттыруды қамтамасыз етсін;

4) 2002 жылғы 15 ақпанға дейінгі мерзімде Қоғам мүлкін қайта бағалауды қамтамасыз етсін;

5) 2002 жылғы 1 сәуірге дейінгі мерзімде "Екібастұз МАЭС-2 станциясы" ашық акционерлік қоғамы акцияларының 50 (елу) пайызын Қоғамның "Ресей БЭТ" ресейлік

акционерлік қоғамның меншігіне сатуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі заңнамамен

белгіленген тәртіппен 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап Қоғам үшін салық төлеу жөніндегі мерзімді кейінге қалдырсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі В.С. Школьникке жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.